

**«Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ жанындағы
6D070900 (8D07202) – «Металлургия» («Қара және түсті металдар
металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңестің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

«Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ жанындағы 6D070900 (8D07202) – «Металлургия» («Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияны қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №2 хаттамасы негізінде «Дисперсті кен-көмір қоспасынан металданған өнім алу технологиясын жасақтау» тақырыбындағы диссертация қорғауға қабылданды.

Мухаметхан Маржан, 1992 жылы туған, 2013 ж. Қарағанды Мемлекеттік Индустриялық Университетінің 5B070900 - «Металлургия» мамандығын бітірген. Metallургия бакалавры.

2015 ж. Қарағанды Мемлекеттік Индустриялық Университетінің базасында 6M070900 - «Металлургия» мамандығы бойынша техника ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін диссертациясын қорғаған.

2018-2021 ж.ж. аралығында Қарағанды индустриялық университетінде 6D070900 - «Металлургия» мамандығы бойынша докторантураның толық курсы бітірген.

Қазіргі уақытта Қарағанды индустриялық университетінің Ғылым және инновация департаментінің ғылыми қызметкері лауазымында жұмыс істейді.

Диссертациялық жұмыс «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ-ның «Металлургия және материалтану» кафедрасында және «Qarmet» АҚ базасында орындалды және диссертациялық жұмыс түрінде ұсынылды.

Ғылыми кеңесшілер:

1. Тлеугабулов Сулейман Мустафиевич – техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Инженерлік Академиясының академигі, Қазақстан;

2. Жабалова Гульнара Газизовна – техника ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ-ның «Металлургия және материалтану» кафедрасының деканы, Теміртау қ., Қазақстан;

3. Камкина Людмила Володимировна (Камкина Людмила Володимирівна) – техника ғылымдарының докторы, профессор Украинаның Ұлттық металлургиялық академиясы, Днепр, Украина.

Ресми рецензенттер:

1. Султангазиев Руслан Бауыржанович - философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, «Нанотехнология және металлургия» кафедрасы. 6D070900 – «Металлургия» мамандығы бойынша 20-дан астам жарияланымдары бар, Қарағанды қ., Қазақстан.

2. Жунусов Аблай Каиртасович - техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), «Торайғыров университеті» КеАҚ-ның «Металлургия» кафедрасының меңгерушісі. 8D07202 - «Қара және түсті металдар металлургиясы» білім беру бағдарламасы бойынша 5-тен астам ғылыми жарияланымдары бар. Павлодар қ., Қазақстан.

Диссертациялық жұмысқа оң пікірлер берді.

Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша 8 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде 3 (үш) мақала Web of Science (Clarivate Analytics) базасының Science Citation Index Expanded және Scopus (Elsevier) базасының CiteScore бойынша индекстелетін, диссертация тақырыбының ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда, 4 (төрт) мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда баяндама түрінде және 1 (бір) монография түрінде жарияланған.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Ұлттық ғылыми кеңестің, «Геология, минералды және көмірсутек шикізатын өндіру және қайта өңдеу, жаңа материалдар, технология, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» басым бағыты бойынша, соның ішінде «Табиғи шикізат пен техногендік қалдықтар негізінде көп мақсатты мақсаттағы жаңа материалдар» мамандандырылған ғылыми бағытына сәйкес келеді.

Диссертациялық кеңес ізденуші орындаған зерттеулер негізінде, алғаш рет келесі міндеттердің орындалғанын баяндайды:

– ең алғаш рет металлургиялық қалдықтарды өңдеу барысында күйінді мен конвертерлік шламды қоспа ретінде пайдаланылып, болат өндірісіне арналған металданған өнім алынды;

– ең алғаш рет техногендік дисперсті кен-көмір қоспасынан металданған өнімді алудың математикалық моделі құрылып, термодинамикалық моделдеу арқылы металданған өнім алудың тиімді параметрі анықталды;

– ірі зертханалық жұмыс («Qarmet» АҚ базасында) нәтижесінде металданған өнімді алудың оңтайлы технологиялық сызбасы ұсынылды.

Диссертациялық жұмыс негізінде алынған зерттеру нәтижелері келесі практикалық маңыздылыққа ие:

– дисперсті кен-көмір қоспасынан металданған өнімді болат балқыту өндірісіне қосу арқылы болаттың өзіндік құнын төмендету;

– дисперсті кен-көмір қоспалары алып жатқан жер алаңдарын металлургиялық өндіріс қалдықтарынан тазарту;

– «Qarmet» АҚ жағдайында пайдаға асырудан тыс қалудағы майлы күйінді мен күл-шлам жинағышқа толығымен төгілетін конвертер шламын қайта өңдеу.

Диссертациялық кеңес ұсынылған диссертация аяқталған ғылыми-біліктілік жұмысы деген қорытындыға келді.

Өзектілігі, жаңалығы, практикалық маңыздылығы бойынша диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге, 2024 жылдың 29 тамыздағы №425 бұйрығымен және 2024 жылдың 14 маусымдағы №294 бұйрығымен енгізілген өзгерістерге

сәйкес бекітілген «Дәрежелерді беру қағидаларында» белгіленген философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Қорғау 2024 жылғы 08 қарашада, сағат 14-00-де «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ-да өтті.

Мухаметхан Маржанға 6D070900 – «Металлургия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы жасырын дауыс беру нәтижелері: Дауыс беруге қатысқандар саны – 9. Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау – 9. Диссертацияны пысықтауға жіберу – 0. Диссертацияны қайта қорғауға жіберу – 0. Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаудан бас тарту – 0. Жарамсыз бюллетендер – 0.

«Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ жанындағы 6D070900 (8D07202) – «Металлургия» («Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияны қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес көпшілік алдында диссертацияны қорғау және жасырын дауыс беру нәтижелері негізінде Мухаметхан Маржанға 6D070900 (8D07202) – «Металлургия» («Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасауға шешім қабылдады.

**Диссертациялық кеңес төрағасы,
техн. ғыл. кандидаты**

Н.Н. Зобнин

**Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, PhD,
қауымд. профессор (доцент)**

А.С. Ержанов



Диссертациялық кеңес отырысының
№5 хаттамасы, 08 қараша 2024 жыл